

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған Адырбекова Мауе Колибаевнаның «Персуазивті коммуникацияның лингвопрагматикалық ерекшеліктері (ағылшын және қазақ газет дискурсы материалы негізінде)» атты диссертациялық жұмысына

### ШІКІР

Медиакоммуникация саласының газет дискурсын зерттеу мақсатында таңдалған диссертация тақырыбы заманауи лингвистиканың өзекті мәселелерінің бірін қозғаған. Диссертант Адырбекова Мауе Колибаевнаның ғылыми зерттеу жұмысында ауқымды коммуникация түрі – газет дискурсы мен күрделі тілдік категория – персуазивтілік ерекшелігін қатар қарастыруының өзіндік лингвопрагматикалық мәні бар. Әлеуметтік ортада күнделікті ақпараттық қызмет атқаратын газет дискурсы бүгінде бұқаралық ақпарат құралдарының ең икемді түрі саналады. Ол оқырман аудиториясын әлемнің соңғы жаңалықтарымен хабардар етіп қана қоймай, сонымен қатар әр күннің әлеуметтік өзгерісін келешек ұрпаққа сақтап отыратын тарихи жәдігер ретінде танылады. Газет дискурсының құрылымдық ерекшелігін екі лингвомәдениет тұрғысынан қарастырған диссертант шетелдік және отандық мерзімді басылым қызметіне өзіндік сипатын беріп, екі елдің публицистикасына ортақ иландыру коммуникациясының сырын ашуға талпынған. Нәтижесінде оқырман санасына когнитивті-психологиялық әсерін тигізетін персуазивті коммуникацияның коммуникативтік стратегиялары мен тактикалары зерттеу жұмысының басты жаңалығын құрайды.

Лингвистикаға белгілі коммуникативтік стратегиялар мен тактикалардың міндеті газет дискурсы авторының оқырман назарына ұсынатын материалын мейлінше көңілге қонымды сипатта әзірлеу тәсілін зерттеу. Ағылшын тілді мәдени құндылық пен қазақ тілді рухани байлықтың өзіндік талаптарына сай әрбір мерзімді басылым бетінде көптеген медиаадресанттық әдіс-тәсілдер қолданылады. Бірі материал атауымен оқырман назарына ілінсе, енді бірі қызықты иллюстрациясымен ілінеді. Дегенмен, шетелдік және отандық медиа кеңістіктің қыр-сырын толыққанды ашуда бұл коммуникативтік стратегиялар жеткіліксіз. Соған орай диссертант тарапынан ағылшын және қазақ тілді газет материалдарына терең лингвопрагматикалық зерттеу жүргізуге мүмкіндік беретін жаңа коммуникативтік стратегиялар мен тактикалар қатары ұсынылды. Ғылыми зерттеу жұмысының ғылыми нәтижесі, құндылығы мен теориялық және қолданбалы негізі аталмыш жаңа коммуникативтік стратегиялар мен тактикаларға тікелей байланысты. Оларды жүзеге асыруда тек газет дискурсына емес, сонымен қатар медиакоммуникацияның өзге де түрлеріне дәл осындай лингвопрагматикалық талдау жүргізу мүмкіндігі пайда болары анық.

Адырбекова Мауе Колибаевнаның диссертациялық жұмысы авторлық бедел мен оның коммуникация құрудағы персуазивті ниетін қарастыруға аса үлкен мән берген. Себебі медиаадресаттың оқырмандық түйсігіне өзіндік әсерін тигізе алатын журналист өз кәсібінің шебері ретінде аудиторияда арнайы сұранысқа ие медиа тұлға болуы міндетті. Иландыру коммуникациясын құруда тілші көздеген мақсатына жеткізетін жол осы беделінен басталатыны анық. Соған орай ғылыми зерттеу жұмысының бір тармағын авторлық болмысты оқырмандық көзқараспен сипаттауға арнаған Адырбекова Мауе Колибаевна иландыру коммуникациясы газет авторының коммуникация құру ниетінен басталып, оқырманның пост-коммуникативтік әрекетінің өзгеруімен аяқталады деп санайды.

Жоғарыда келтірген диссертациялық жұмыс сипаттамаларын ескере отырып, бір мәселеге тоқтала кетуді жөн санаймын: ізденушінің ағылшын және қазақ тілді газет материалдарын таңдауда тек 2019 жылдың басылымдарына талдау жүргізуі зерттеу ауқымдылығына нұқсан келтірмей ме. Екі жақты формат, күрделі тілдік категорияны бір емес, бірнеше жылдың көлеміндегі газет материалдарынан талдау ғылыми жұмыс нәтижесінің лингвистикалық шекарасын кеңейтіп, құндылығын арттырмас па еді деген болжам бар. Дегенмен, аталмыш болжам диссертациялық жұмыстың маңыздылығын еш кемітпейді.

Адырбекова Мауе Колибаевнаның «Персуазивті коммуникацияның лингвопрагматикалық ерекшеліктері (ағылшын және қазақ газет дискурсы материалы негізінде)» атты диссертациялық жұмысы «Ғылыми Дәрежелерді Беру Қағидаларына» толық сәйкес келеді. Сондықтан Адырбекова Мауе Колибаевна «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деп танымын.

**Пікір беруші:**

**Ахмет Ясауи университеті**  
**филология ғылымдарының кандидаты,**  
**д.м.а.,**

тел.: +7 (705) 753 15 30  
e-mail: [ashimov.rustan@aynu.edu.kz](mailto:ashimov.rustan@aynu.edu.kz)

РАСТАЙМЫН:  
К.А.Ясауи атындағы  
халықаралық қазақ-түрік  
университеті  
филология факультеті  
адр бөлімінің  
бастығы

ҚОЛЫН

Р.Ж.АШИМОВ